



...Азаттық қазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың неше бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кешпеді, ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары Азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді, қатты ұрыс салып жүргенде қапы кетті, ханның басы қанжығада кете барды...

Абай, Шоқан, Ыбырай дәуірі қылыштан гөрі қаламның қуатты екенін дәлелдеді. XIX ғасырдың соңын XX ғасырдың басын ала бере тарих сахнасына қазақтың оқығандары шықты. Ахмет, Әлихан, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан, Мұстафа, Смағұлдар Алаш туы астында ел болуға, мемлекет құруға шақырды. Сұлтанмахмұттың:

«Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз»
— деп жаанға жар салатын кезінде ұлт зиялылары «Не істеу керек, қайтеміз, қалай ел боламыз?» — деп ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгіртіп еді. Сонда Әлихан Бөкейхан: «Автономия, бізге керекті автономия!» — деп қайта-қайта шырылдап, телеграмма салумен болды. Сондағы ойы «мемлекет құрып алайық, мемлекетіміз болса, қалғанының бәрі болады» деген асыл арманды...

Қазақ автономиясын жариялағанда Алаштың арыстары «міне, ел болдық, еркіндік өз қолымызға тиді» деп бөркін аспанға атты. Алайда, бұл қуаныш ұзаққа бармады. Қазақтың еркіндігінен қорыққан қызыл империя көсемдері «Алаш» деген сөзді тарихи санадан өшіру әрекетін бастады, Алаш туы астына біріккендердің бәрін құртты.

Ұлттық алаш автономиясының төрағасы, ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушы-жетекшісі, ұлт тәуелсіздігі жолындағы көреген идеялардың авторы, осыдан 550 жыл бұрынғы құрылған Қазақ хандығы қалыптастырған қазақ елі мемлекеттілігін 190 жылға созылған бодандықтың бұғауынан бөліп алып шығып, дербес Қазақ АССР-і болып құрылуының негізін қалаған ұлы тұлға — Әлихан Бөкейхан еді. Тәуелсіз Қазақстанның дәл бүгінгідей жарқын болашағын болжап, ұлт болып өркендеудің бағдарламасын жасап, Алаш идеясын ұлт ұранына айналдырып, «Алашорда» үкіметін құрған, ғаламдық көкжиекке ойы жеткен саяси қайраткеріміздің туған жері біреу-ақ, ол — Ақтоғай.

Әлихан Бөкейхан — нағыз ұлт жоқшысы, зиялысы. Зиялы — қай кезде болсын ар тазалығын жоғары ұстаған тұлға. Алаштың асыл

азаматтары жоғары оқу орнын бітірмесе де, ғылыми атағы жоқ болса да, ұлтының зиялысы бола білген. Неге? Себебі, өмірінің бар мақсаты — қарақан басының рахаты емес, ел қамы, ел зары, ел тағдыры үшін күресу. Жаны мен ары ұлт үшін таразыда тұрған. Қандай да бір қысталаң заман болсын, ұлттың рухын түсірмеу үшін, қазақ жерінің тұтастығын қалай болса да сақтап қалу үшін жанын қиюға дайын тұрған, тұла бойында ұлттың мұң-зары бар қайраткер.

Олқыттың өткен ғасырдың 80-ші жылдары жарық көрген «Басмашылар немесе Түркістандағы 1918-1924 жылдардағы азаматтық көтеріліс» және «Қазақтар» деп аталатын еңбектерінде Әлихан Бөкейханның 1917-1926 жылдар арасындағы қайраткерлік қызметіне лайықты баға берілген. Шетел тарихшылары А.Бенниксен және Ш.Лемерсье Ә.Бөкейханды аса көрнекті оқымысты-ғалым, әрі саяси қайраткер деп бағалай келіп, оны қазақ халқының

естелігінде: «Ғафу етіңіз, осы Әлихан Бөкейханов қандай адам болған еді?» — деп сұрайды. «Ол кісі Петроград университетінің орман-ағаш факультетінің тәмамдаған. Заң факультетіне Ленинмен бірге экстернат болып емтихан тапсырған. Терең дария мұхиттай білімді ғалым болатын. Тоғыз тілде еркін сөйлеп, жаза білетін. Әлихан жаратылысы бөлек, әрі көргені, тоқығаны көп кісі еді. Мына біз, көбінесе Том, Семей, Омбы маңынан Н.М.Ядринцев пен Г.Потанин

ақсүйек тұқым. 1537 жылғы Сан-Таштағы қырғында оның арғы атасы Тоғым хан тоғыз ұлы және әскербасы отыз жеті сұлтанымен шейіт болған! Осы Тоғым ханның туған інісі Шығай ханның Еңсегей бойлы Ер Есім туған! Осындай қарақөктің тұқымынан қазақтың қара баласының хан баласына кеткен есесі көп еді, соны қайтаратын кез келді деп, бүкіл ғұмырын қазақ халқының ұлт-азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан тумағанда кім туады?!

БІРТУАР ДАРА ТҰЛҒА

Зиялылар кез келген ұлтта көп бола бермейді. Халық өз зиялысына ат беруде де, атак беруде де еш жаңылысқан емес. Оған, міне, тарих куә! Біз Әлихан Бөкейхан тағдырынан шын мәніндегі

ұлы мұраттары жолында күрескен ғажайып тұлға деп сипаттайды.

Ғалым Жайық Бектұров Әлиханның інісі Сымаханмен көп жылдар бірге болып, көп әңгімелерін естіген. Сол кәрі

өрісінен аспадық. Ал, Әлихан жастық шағын Ресей империясының астанасында өткізді. Алғашқы Думаға депутат болып, орыс-еуропа елдерінің көркем әдебиетін зерделеді» — деген сөздерін

Неше түрлі қуғын-сүргінді басынан кешсе де, атадан асып туған алтын айдарлы ұл, тектінің тұқымы Әлихан Бөкейханның ішкі сарайын тот баспады, зерделі, зейінді, зиялы қалпынан танбады, білгірлігі сол қалпында қалды. Өзінің кемелгерлік кескінімен таңқалдырған қазақ ұлтында ұлды сақтау — ұлтты сақтау екені, ұлтты сақтаудың ең ұлы құралы — ұлт рухын сақтау сабағы екені Ұлы Даланың күн тәртібінен түскен емес. Халық оларға өзін де, сөзін де, тарихын да, тағдырын да сеніп тапсырды.

Ол — азап пен қорлықтан басқа түк көрген жоқ. Қазақтың ес жиып, өз алдына ел, мемлекет болғанын, өзгелермен қабырғасы тең болғанын көкседі, бірақ көрген жоқ.

Ол — тек қазақ үшін қан төкті, жанын берді. Қазақтың баласы ешкімнен көзтүрткі көрмеуін құдайдан күндіз-түні тіледі. Тек қана «Алаш», «Қазақ» деген ұғыммен ғана тыныстады.

Ол — бар білімін, қажыр-қайратын, Тәңірі сыйлаған талантын тек қана халқының көзін, бағын ашуға, азаттыққа арнады. Өзінен бұрын өткен бабаларын пір тұтты, өнегесіне адал болды. Көл-көсір дүние жимады, кітап, ақыл, парасат, ілім-білім жиды. Отанын оттан да ыстық сүйді.

Ол — әр қазақтың баласының мандайынан сипады, сол қара домалақтың келешегін ойлап, түн баласына көз ілмеді, отқа да, суға да түсті, жанбады, батпады, рухы өлмеді. Сол рух кешегі қиын күндерде де бізді желеп-жебеп жүрді. Ол — ұлтқа ұстаз, халыққа қамқор болды. Артында мейірім, шуақ қалды. Біз ғасырлар, жылдар бойы соған жылынудамыз.

Олар оралуы керек. Біз енді олардың идеясын, тазалығын, тектілігін басшылыққа алуымыз керек. Оларсыз таңымыз атып, күніміз батпауы керек. Біз оларды құрметтеуіміз, өнеге тұтуымыз керек!

Бұл — бір немесе, бірер ғасырды ғана қамтитын өсу мен өркендеудің, өсею мен толысудың көрінісі емес, бұл — ұлт ақиқаты мен шындығын жарқыратып тануға, ұлт болмысы мен жанын терең ұғынуға тәрбиелейтін, арғы-бергі дәуірлерден бастау алар, тұғыры тозбаған, туы жығылмаған тағдырлы тарихымыздың тағылымды беттерінің ұрпақ жадында жаңғыруы деген сөз.

Г.Рахымбекова,
Н.Әбдіров атындағы
ЖББОМ.



Ә.Бөкейханның туыстары 1992 жылы Талдыбейіт қорымында

зиялылықты көреміз.

Әлекеннің табиғи талантын, темірдей берік айнымас көзқарасын дара тұлға ретінде шетелдік, әлемдік қоғамдық ұйымдар мойындап, бағалаған. Әлихан өз заманының аса білімді де білгір, терең ойлы, ірі қайраткері болған. Темір құрсау салынған ғалымдар мен тарихшылары Әлихан Бөкейханның қайраткерлік және шығармашылық қызметін ертеден-ақ жан-жақты зерттеп, оны «Шығыстың шын мәніндегі ұлы тұлғасы» деп таныған. Америка тарихшысы Марта

құлақ Жәкеннің естелігінде Сымекені айтатын: «Әлекем Ленинмен сөйлескеннен кейін, Ленин бірде, Әлекем жөнінде: «Человек умный, но не наш» — депті деп. Осының өзі бүкіл қазақтың ардақтысы Ә.Бөкейханның өміріне жан-жақты терең талдау керектігін көрсетіп тұр.

Арқа өңіріне танымал азамат Қ.Мәкенбаев Қазақстанның шекарасын белгілейтін Совнаркомның мәжілісінде Алаш үкіметі атынан баяндама жасаған Алаш арысы Әлімхан Ермековтың қасында жүріп, ұзақ сырласады. Сол кісінің «Жадымда бәрі жазулы» атты

келтіреді. Сөйтіп, үш жүз жыл отарлық езгіде болған қазақ жұртының өкілі Әлихан Бөкейхан патшалық Ресейдің кезінде Дума депутаты болып, ел-жұртының мұқтажын үстем елдің заң шығарушылары алдында ағынан жарылып айтып, отаршыл мемлекеттің назарын бодан жұртына аудара білді.

Қазақ тарихының білгірі М.Мағауиннің айтуына қарағанда, Әлиханның әулеті анадан шырылдап туғаннан «Алаш жұртының табанына кірген шөнге менің мандайыма кірсін» дейтін ұстаныммен ғұмыр кешкен

*Жауқазын-жыр

АЛАШ КӨСЕМІ — ӘЛИХАН

Әлихан—алашымның көсемісің,
Ізің бар ұрпағына мұра ісің.
Ақтоғайдың топырағынан нәр алғансың,
Біртуар, қазағымның дара ұлысың.
150 жыл толыпты туғаныңа,
Ұрпағың ұмытпайды еш уақытта.
Өседі, өнеді, көркейеді,
Әрдайым Арыстарым сендер барда.
Елі үшін, ұрпағының қамын жеген,
Ұмытпайық тәуелсіздік таңын келген.
Ардақтайық алаштың көсемдерін,
Жазықсыз жапа шегіп, жанын берген.

Шынар Мадихан,
7-сынып оқушысы,

К.Байсейітова атындағы ЖББОМ

Елім деп соққан жүрегі

Елім деп соққан жүрегі,
Мәңгі есте жүреді.
Ұлы бабам—Әлихан,
Алашымның бірі еді.
Ұрпақ қамын ойлаған,
Ұлы істерді атқарған.
Алаштың туын көтеріп,
Қаймықпаған жауынан.
Арманға бүгін жетті елің,
Тәуелсіздік аңсаған.

Ақерке Тіресбек,
К.Байсейітова атындағы ЖББОМ